

**Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы**

20~~20~~²⁰ жылғы «12» 08
№ 99
Нұр-Сұлтан қаласы



**Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі**

20~~20~~²⁰ жылғы «26» май
№ 128
Нұр-Сұлтан қаласы

**Қазақстан Республикасы
Інкі істер министрлігі**

20~~20~~²⁰ жылғы «10» 08
№ 570
Нұр-Сұлтан қаласы

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

**Коргаушы ретінде адвокатты
тағайындау, мемлекет кеінлдік
берген заң көмегін есептеу мен
төлеу процестерін автоматтандыру
жөніндегі пилоттық жобаны
жүргізу туралы**

"Заң көмегінің бірынғай ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - "Е-Заң көмегі" АЖ) арқылы сотқа дейінгі тергеу сатысында қылмыстық процесті жүргізетін органдардың коргаушы ретінде адвокатты тағайындау, мемлекет кепілдік берген заң көмегін (бұдан әрі - МКЗК) есептеу мен төлеу процестерін кезең-кезеңмен автоматтандыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Нұр-Сұлтан қаласында, Жамбыл және Маңғыстау облыстарында коргаушы ретінде адвокатты тағайындау, МКЗК есептеу мен төлеу процестерін кезең-кезеңмен автоматтандыру жөніндегі пилоттық жобаны іске қосылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - ПМ) МКЗК шенберінде адвокатты тарту жағдайында, сотқа дейінгі іс жүргізуді электрондық форматта жүргізу кезінде «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірынғай тізілімі» ақпараттық жүйесін (бұдан әрі - СДТБТ АЖ) пайдалану арқылы коргаушының қатысуын қамтамасыз етсін.

3. Республикалық адвокаттар алқасы (бұдан әрі - РАА) МКЗК көрсететін адвокаттарды «Е-Заң көмегі» АЖ-ға автоматты түрде қосуды қамтамасыз етсін.

4. Нұр-Сұлтан қаласының, Жамбыл және Маңғыстау облыстарының аумақтық адвокаттар алқалары (бұдан әрі - ААА) «Е-Заң көмегі» АЖ-да кезекінілік кестесін өзекті жай-күйде жүргізсін.

5. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы (бұлан әрі - «ҰАТ» АҚ):

1) СДТБТ АЖ және «Е-Заң көмегі» АЖ ақпараттық өзара іс-қимылдың үздіксіз жұмысын техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету;

2) pilotтық жобаны іске асыру барысында оның жұмыс істеуінің анықталған кемшіліктерін жою бойынша шара қабылдасын.

6. Комитеттің аумақтық органдары Нұр-Сұлтан қаласының, Жамбыл және Маңғыстау облыстарының полиция қызметкерлеріне МКЗК шеңберінде адвокаттарды тағайындау кезінде СДТБТ АЖ-ны пайдалану бойынша практикалық және әдіснамалық көмек корсетуді ұйымдастырын.

7. Әділет министрлігінің Нұр-Сұлтан қаласындағы, Жамбыл және Маңғыстау облыстарындағы аумақтық органдары (бұдан әрі - ӘМ аумақтық органдары) «Е - Заң комегі» АЖ арқылы адвокаттардан түсетін МКЗК отініштердің негізінде ақы төлеу жөніндегі жұмысты қамтамасыз етсін.

8. ӘМ, ПМ және ААА аумақтық органдары pilotтық байқаудың нәтижелері бойынша ай сайын Комитеттің аумақтық органдарына, «ҰАТ» АҚ және РАА-га «Е-Заң көмегі» АЖ енгізу процесінде туындастырын мәселелерді шешу үшін ұсыныстар мен ескертулерін жіберсін.

9. AAA, «ҰАТ» АҚ осы бұйрықты МКЗК корсетуғе қатысатын адвокаттардың назарына жеткізсін.

10. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау ӘМ Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаментінің басшысына, Комитет тәрағасының аталған мәселені жетекшілік ететін орынбасарына, ПМ Ақпараттандыру және байланыс департаменті мен Тергеу департаментінің басшыларына, РАА атқарушы директорына, «ҰАТ» АҚ Басқарма тәрағасының орынбасарына жүктелсін.

11. Осы бірлескен бұйрық сонғы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.



Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

Г. Нұрдәuletov

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

Е. Тұрғымбаев



Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

М. Бекетаев



КЕЛІСІЛДІ:



**Республикалық адвокаттар
айдастынын төрағымы**

К. Баймұханова

~~«25» наурыз~~ 2020 жыл

КЕЛІСІЛДІ:

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар»
акционерлік қоғамы
басқарма** ~~жыныс жөргөншайыры~~



О. Тұрысов

~~«25» наурыз~~ 2020 жыл

А. Жимашев

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының
 "12" 08 2020 ж. № 99
 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің
 "16" шаусы 2020 ж. № 128
 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің
 "10" 08 2020 ж. № 570
 Республикалық адвокаттар алқасының төрагасының
 " " 2020 ж. №
 Қазақстан Республикасы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамының Басқарма төрагасының
 " " 2020 ж. №
 бірлескен бұйрыққа қосымша

Пилоттық жобаны өткізу кестесі

№	Атауы	Басталуы	Аяқталуы
1	Нұр-Сұлтан қаласы	Шілде 2020 ж.	25 желтоқсан 2020 ж.
2	Жамбыл облысы	Тамыз 2020 ж.	
3	Мангистау облысы	Қыркүйек 2020 ж.	